**«БЕКІТЕМІН»**
Сапа бойынша басшылық өкілі,
Академиялық инновация және
жоғары білімнен кейінгі білім
беру ісі жөніндегі
вице-президенті Ш.Есимова
________________________
«___» ______________ 2019ж

# САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ
# КЕҢЕС ЕРЕЖЕСІ
# КЕ-ТК-001-2019
# *ТӘЛІМГЕРЛЕР КОМИТЕТІНІҢ ЕРЕЖЕСІ*

## АЛҒЫ СӨЗ

1. «Рухани жаңғыру» және тәрбие департаменті тарапынан ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ

2. Әзірлеген – «Рухани жаңғыру» және тәрбие департаментінің директоры Л.Динашева
   – «Рухани жаңғыру» ҒТО және Саналы ұрпақ кеңсесінің директоры А.Толысбаева

3. Келісілді – Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері жөніндегі вице-президенті Ә.Абуов
   – Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент Пусат Пилтен
   – Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Ғ.Мұсаханов
   – Персоналды басқару және құжат айналымын қамтамасыз ету басқарма басшысы Н.Абилдаев
   – Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев

4. ЕНГІЗІЛДІ – 2019
5. Тексеру мерзімі – 2021

**Қызметтік қолданыс үшін басылым**

**Түркістан 2019**

# МАЗМҰНЫ

Мазмұны 2
1. Қолдану саласы 3
2. Нормативті сілтемелер (сілтемелік құжаттар) 3
3. Атаулар, шартты белгілер және қысқартулар 3
4. Жауапкершілік және өкілеттілік 3
5. Жалпы ережелер 3
6. Негізгі мақсаттар мен міндеттер 4
7. Тәлімгерлер комитетінің құрамы мен жұмыс регламенті 5
8. Келісу, сақтау және тарату 5
Қосымшалар 5
А. Танысу парағы 6

## 1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Тәлімгерлер комитетінің (бұдан былай-ТК) ережесі университеттің коллегиалды құрылымының тәрбие жұмыстарының мәртебесін әлемдік деңгейге интеграциялау мақсатында әзірленген және мәжілістерін өткізуге, құрылымдарын анықтауға, оның құрамын құру және өкілеттігін жүзеге асыру шарттарының тәртібін белгілейді.

1.2 Осы Ереже университет Президентінің бұйрығы және Тәлімгерлер комитеті мүшелері тағайындаған қызметтегі өкілдерімен пайдаланылуы тиіс.

1.3 Бұл Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университет Сенатының шешімімен 2019 жылы қыркүйекте бекітіліп іске қосылды (№ 2 хаттама; 24 тамыз, 2019ж.).

## 2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпанындағы «Ғылым туралы» Заңы, 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағына, «Жоғары оқу орны Ғылыми кеңесі қызметінің үлгі ережесі және оны сайлау тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 22 қарашадағы №574 бұйрығы, «Оқу әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.

## 3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл Ережедегі пайдаланған терминдер және анықтамалар тізбесі:

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
ТК –Тәлімгерлер комитеті;
ҚР – Қазақстан Республикасы;
ТР – Түркия Республикасы;
ЖББҰ – Жоғарғы білім беру ұйымдары;
ӨК - Өкілетті кеңес;
ҚР БжҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі.

## 4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы ережесі Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің Сапа бойынша өкілі тарапынан бекітіледі.

4.2 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері жөніндегі вице-президент жауапты болып табылады.

## 5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Тәлімгерлер комитеті университеттің ғылыми, тәрбие саясатын жүзеге асыру және қалыптастыру аясындағы жоғарғы сараптамалық – кеңес болып табылады.

5.2 Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Тәлімгерлер комитетінің төрағасы Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері жөніндегі вице-президент, ал комитеттің орынбасары Түркия тарапынан вице-президент болып табылады. Тәлімгерлер комитетінің ұйымдастыру жұмыстарымен - «Рухани жаңғыру» және тәрбие департаменті айналысады.

5.3 Осы Ереже университеттің Тәлімгерлер комитетінің қызметін университет Жарғысы, Сенат шешімдері мен Университет Президентінің бұйрықтарына сай анықтайды.

## 6 НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

Тәлімгерлер комитетінің *негізгі мақсаты* – тәрбие, рухани жаңғыру, жастар ісі және студенттік стартап жобалар саясаттын жүзеге асыру механизмдерінің, яғни зерттеу бағыттары мен тақырыптарының өзектілігі заман талаптарын қанағаттандырылуын координациялау болып табылады.

Тәлімгерлер комитетінің *негізгі міндеті* – тәрбие саласының және қызметтерінің барлық деңгейлеріндегі ізденістердің инновациялық бағытта болуын қамтамасыз ету мақсатында мәдени ісшаралар, студенттердің әлеуметтік жағдайы, сараптамалық тыңдаулар, мәжілістер, семинарлар өткізу, шешім қабылдау, ұсыныс еңгізу болып табылады.

6.1 Кешенді тәрбиелік, ғылыми-тәжірибелік жұмыстарды, инновациялық жобаларды орындауда ҚР БжҒМ талаптары мен ӨК шешімдерін және университеттің Стратегиялық даму жоспарының орындалуына жетекші болу;

6.2 Тәрбие, студенттерің әлеуметтік мәселелері және өндірістік жұмыстарды интеграциялауды ұйымдастыру;

6.3 Рейтинг бойынша, тәрбие саласы бойынша ОПҚ-дың талдауын жасау, ұсыныс енгізу;

## 7 ТӘЛІМГЕРЛЕР КОМИТЕТІ ҚҰРАМЫ МЕН ЖҰМЫС РЕГЛАМЕНТІ

7.1 Тәлімгерлер комитетінің құрамына төраға, төраға орынбасары, хатшы мен комитет мүшелері жатады. Комиет төрағасы университетіміздің Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері жөніндегі вице-президент болып табылады. Басқа вице-президенттер де (келісімімен) тәрбие бойынша сала басшылары мен деканның тәрбие жөніндегі орынбасарлары, студенттік кеңестен бір білімгер Тәлімгерлер комиететіне мүше бола алады.

7.2 Комитет құрамы Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері жөніндегі вице-президент тарапынан бекітіледі.

7.3 Тәлімгерлер комитеті мәжілісі екі айда бір реттен кем емес өткізіледі. Комитет мәжілісі комитет мүшелерінің түгел және жартысы қатысқанда жүргізіледі, ал шешім комитет мүшелерінің 2/3 бөлігі қолдағанда қабылданады.

7.4 Тәлімгерлер комитеті отырысының күн тәртібінде қаралатын мәселелері ТК төрағасымен бекітіліп, комитет отырысының басталуына дейін 5 күн бұрын комитет мүшелеріне хабардар етіледі.

7.5 Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ТК-нің жұмысы жыл сайын құрылатын және оқу жылына бекітілетін жоспарға сәйкес жұмыс атқарылады. ТК жұмыс жоспары жыл сайын ТК төрағасымен бекітіледі.

7.6 ТК мәжілістерінің шешімдері хаттама түрінде рәсімделеді. Хаттама төрағамен, хатшымен қол қойылып, 3 жұмыс күні мерзімінде қаралған мәселелерге қарасты бөлімшелерге үзінді ретінде таратылады.

## 8 САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

8.1 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қоданушыларға жіберу жауапкершілігі «Рухани жаңғыру» және тәрбие департаментіне жүктеледі. Осы университет ережесінің нұсқалары қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі.

8.2 Осы университет ережесінің бақылау данасы СРСО-да сақталады.

**КЕЛІСІЛДІ**

| | |
|---|---|
| Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері жөніндегі вице- президент | Ә. Е.Абуов |
| Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент | Пусат Пилтен |
| Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшыс | Ж.Дарибаев |
| Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы | Ғ.Мұсаханов |
| Персоналды басқару және құжат айналымын қамтамасыз ету басқарма басшысы | Н.Абилдаев |

**Ф-СМБ-004**

**ҚОСЫМША**

**Танысу парағы**

| **№** | **Аты-жөні** | **Қызметі** | **Мерзімі** | **Қолы** |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |